

FTAMP 16.01.21

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph14>С.А. Оданова , Қ.Е. Молдабаева* 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ

*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ КОНТЕНТ ЖАСАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Академиялық жазылым Қазақстан білім кеңістігіне жаңадан еніп, дамып жатқан ғылым саласы болғандықтан, еліміздің кейбір ғалымдары академиялық жазылымның теориялық және практикалық негіздеріне зерттеу жүргізгенімен, оның қарастыратын мәселелері, соның ішінде қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңде интернеттің мүмкіндіктерін қолдана отырып, электронды контентін жасау мәселелері, академиялық жазылымды электронды ресурстарды қолдана отырып үйрету мәселелері ізденістерді қажет етеді. Осы мәселеге көшпес бұрын алыс, жақын шет елдердің ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, оларға шолу жасай отырып, академиялық жазылымның шет елдерде, көршілес Ресей мемлекетінде зерттелу деңгейі, жеке пән ретінде қалыптасуы, тарихы, оқыту әдістемелері мақалада сапатталады. Осы орайда мақалада И.Б. Короткина, И.Н. Минеева, И. Квитсиния, Л.А. Милованова сияқты Ресей зерттеушілерінің жұмыстарына шолу жасалады. Академиялық дискурстың шет елдерде қолданысының деңгейін саралау мақсатында Merton R. K., Beavis C., Green B., Beavis C., Kress G. A., Snyder I. Және тағы бірқатар зерттеушілердің жұмыстары қарастырылады. Сонымен қоса, Қазақстандағы академиялық жазылымның қалыптасу тарихын, оның алғышарттарын анықтау мақсатында Р.Сыздықованың, Б. Әбілқасымовтың еңбектеріне шолу жасалып, ХІХ ғасырдың екінші жартысында негізі қаланған, қазіргі академиялық жазылым бастау алған ғылыми стиль тарихына тоқталамыз. Қазіргі таңда елімізде академиялық жазылым салаларын зерттеп, оның теориялық және практикалық қырларын айқындап жүрген отандық ғалымдар Е.Т. Оспановтың, Б.Б. Динаева, С.М. Сапиналардың еңбектері зерттеліп, қазақ тілінде академиялық мәтін құрастыру жолдары, ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу кезеңдері, академиялық мәтіннің басты жанрлары, эссе, аннотация, пікір, түйін, рецензия, курстық жұмыс, магистрлік жұмыс, докторлық диссертация жазу жолдары сипатталады.

Қорыта келе, жазылым, оқылым мәселелерін электронды түрде оқыту мақсатында Ресей зерттеушілері И.Н.Розина, Ю. Е. Буттың академиялық жазылымды оқытудың электронды контенті жәйлі зерттеулері талқыланып, электронды ресурстарды пайдалана отырып еліміздің ғылыми кеңістігіне енгізу жолдары баяндалады.

Түйін сөздер: академиялық жазылым, web ресурстар, тілдік шаблондар, тілдік конструкторлар, электронды оқу құралдары, ақпараттық технологиялар.

S.A. Odanova, K.E. Moldabayeva*

Kazakh national women's teacher training university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

The academic writing's research level and topical issues of creating its electronic content

As academic writing is a new and developing theme in the field of scientific sphere of Kazakhstan, while some scientists of the country have studied the theoretical and practical bases of academic writing, there are some issues that should be investigated, including the creation of electronic content using the Internet resources in the period of rapid development of information technology and the problems of teaching academic writing using electronic resources require a profound research. Before moving on to the research, we studied the works of scientists from near and far abroad and this article describes the level of study of academic writing abroad, in neighboring Russia, its formation as a separate subject, history and teaching methods. In this regard, in the article we conducted reviews of works of some Russian researchers such as of I.B. Korotkina, I.N. Minееva, I. Kvitsiniya, L.A. A Milovanova. In order to analyze the level of application of academic discourse abroad, the works of Merton R. K., Beavis C., Green B., Beavis C., Kress G. A., Snyder I. will be taken into consideration. In addition, in order to determine the history of the formation of the academic writing in Kazakhstan, its preconditions, R. Syzykova, B. Ab-

ylkasymov's works are reviewed and we focus on the history of scientific style, which was founded in the second half of the XIX century, considering as the starting point of modern academic writing. At present, local scientists like E. Ospanov, B.B. Dinaeva, S.M. Sapina are studying the theoretical and practical aspects of this issue, they describe ways to compile an academic text in the Kazakh language and all their papers are profoundly discussed in the article. In conclusion the ways to introduce an academic writing into the scientific space of our country using electronic resources are described.

Key words: academic writing, web resources, language templates, language constructors, electronic textbooks, information technology.

С.А.Оданова, К.Е. Молдабаева*

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: k.moldabaeva@aues.kz

Уровень изученности академического письма и актуальные вопросы по созданию электронного контента

Поскольку академическое письмо является новой и развивающейся областью науки в Казахстане, некоторые ученые страны изучили его теоретические и практические основы, но проблемы его обучения с использованием электронных ресурсов, создание электронного контента все еще требуют исследования. Прежде чем перейти к этой проблеме, в статье описывается уровень изученности академического письма за рубежом, в соседней России, его становление как отдельного предмета, история, методика преподавания на основе работ ученых ближнего и дальнего зарубежья. В связи с этим в статье проводится обзор работ российских исследователей, таких как И. Короткина И Н Минеева, И. Квициния, Л.А. Милованова. Для анализа уровня применения академического дискурса за рубежом рассматриваются работы Мертона Р. К., Бивиса К., Грина Б., Бивиса К., Кресс Г. А., Снайдера И. и ряда других исследователей. Кроме того, для полного осмысления истории формирования, предпосылок академического письма в Казахстане проводится обзор работ Р. Сыздыковой, Б. Абылкасымова которые исследовали историю научного стиля, основанного во второй половине XIX века. В настоящее время отечественные ученые изучают сферу академической письменности в стране и определяют ее теоретические и практические аспекты, в статье также рассматриваются работы Е. Оспанова, Б.Б. Динаевой, С.М. Сапиной в которых ученые изучают и описывают способы составления академического текста на казахском языке, этапы написания научных работ, основные жанры академических текстов, рефераты, аннотации, рецензии, курсовые работы, кандидатские диссертации, докторские диссертации. В заключение, с целью изучения проблем чтения и письма в электронном формате проводится обзор работ российских исследователи И.Н. Розиной и Ю. Е. Бута, а также описываются пути и способы его внедрения в научное пространство страны с использованием электронных ресурсов.

Ключевые слова: академическая письмо, веб-ресурсы, языковые шаблоны, языковые конструкторы, электронные учебники, информационные технологии.

Кіріспе

XXI ғасыр ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енгізуде. Мектеп оқушысынан бастап профессорға дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі академиялық жазылымды қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп берді. Егер әлемде XX ғасырда, ал көршілес ел – Ресей университеттерінде 2015 жылдан бастап «Академиялық жазылым» орталықтарының көптеп ашылуы, біздің елімізде 2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жоғары оқу орындарының докторантура деңгейіне осы аттас пәннің міндетті компонент ретінде енгізілуі

академиялық жазылымды үйретудің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп қана қоймайды, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдірудің ғылыми-әдістемелік және АКТ мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Осы орайда академиялық жазылым мәселелерін зерттеп, оның жеке пән ретінде қалыптасуына үлес қосып жүрген бірталай отандық және Ресей ғалымдарының жұмыстарына тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

Материалдар және әдістер

Зерттеу барысында біз, академиялық жазылымның зерттелуі Қазақстан білім кеңістігінде қандай деңгейде екендігін анықтап, академиялық

жазылымның электронды контентін жасаудағы өзекті мәселелері не деген сұраққа жауап іздейміз.

Қазіргі таңда академиялық жазылым пәні алыс – жақын шет елдерде бұрыннан қалыптасып, ғылымның бір саласы ретінде толық қанды зерттеліп, қолданыс тауып жүргенімен Қазақстанда, оның ішінде қазақ тілінде, бұл сала әлі де барлық қырынан ашылып, толық зерттеліс таппады десе де болады.

Олай дейтін себебіміз, академиялық жазылымның теориясы берілгенімен, оның практикалық қырлары, оның ішінде академиялық жазылымды web ресурстар арқылы оқытудың жолдары әлі де болса зерттеуді қажет етеді, және де академиялық жазылымның электронды контентін жасаудың әдіс – тәсілдері мен бағыттарын анықтау әлі де шешімін таппаған мәселе десе болады.

Б. Гриннің тұжырымдамасы бойынша академиялық сауаттылықтың үш өлшемі бар және олар өзара байланысты, өзара тәуелді бола тұра, білімді тілдің, мағынаның бір парадигмасына шоғырландырып қана қоймай, академиялық сауаттылықты мәтіндік қызметтің әлеуметтік функциясының алдыңғы қатарына шығарады. Академиялық мәтін құру үшін оның белгілі бір білім саласына қолданылатын әдістері мен технологияларынан, талқыланып жатқан өзекті мәселелерінен хабардар болу жеткілікті емес, сонымен қатар белсенді түрде ат салысу, білімді жаңартуда және академиялық дискурсты енгізуде тың әдіс-тәсілдер енгізу қажет (Green B., Beavis C., 2012 : 248).

Жоғарыда сипатталған мәселелерді шешу мақсатында ұйымдастырылған зерттеу жұмысы академиялық жазылымның ғылым саласында алатын орнын, академиялық жазылымның отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелу жайын зерделу мақсатында атқарылатын зерттеу түрлері библиографиямен жұмыс, бакалавр деңгейінде ғылыми жұмыстардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін айқындау (жазуға және рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар, эссе, FЖЗ, ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс), академиялық жазылымның магистратура және докторантура деңгейлеріндегі құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін анықтау (ғылыми негіздеме, ғылыми жоба, ғылыми мақала, әлеуметтік жобалар, диссертациялық жұмыстар), ғылыми стильдегі жазылым түрлерін модельдеу (академиялық жа-

зылым бойынша модельдер және шаблондар) сияқты кезеңдерден тұрады.

Академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделін және басқа да маңызды мәселелерді зерделеу үшін аналитикалық зерттеу әдістерінің жүйесі (модельдеу, сараптау, кесте, графика) қолданылады. Мысалы, кестелік талдау әдісі деректерді тексеру және алдын ала бағалау, маңызды мәселелерді сұрыптау және одан әрі қарай егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында маңызды ақпаратты айқындау үшін пайдаланылады. Академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктері негізінде жасалатын лингвистикалық шаблондарды игеру нәтижесін анықтау үшін математикалық модельдеу, алгоритм әдістері қолданылады. Зерттеу барысында анализ – синтез әдістерін қолдана отырып, ғылыми басылымдардың жалпы мақала жариялау талаптары зерделеніп, осы талаптар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланады. Еліміздің оқу орындарында дипломдық жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми жобаның жазылу ерекшеліктеріне, талаптарына салыстыра отырып сараптама жасау үшін структуралық және салыстырмалық әдіс қолданады. Библиографиялық зерттеу әдісі ұсынылып отырған мақалаға арқау болып отырған академиялық жазылымның отанымыздағы, алыс – жақын шет елдердегі даму барысын, зерттелу деңгейін анықтау мақсатында қолданылады.

Зерттеудің нәтижесінде академиялық жазылымның әлемдік және Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі түсінігі, зерттелуі, қолданыс деңгейі сараланып, академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделі зерделенеді, академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, лингвистикалық шаблондар жасалады, академиялық жазылымды оқытудың деңгейлік сипатын анықтап, әр деңгейге қойылатын талаптар мен бағалау өлшемдерін ұсыну; мектеп оқушылары мен бакалаврлар, магистранттар мен докторанттарға қойылатын академиялық жазылым талаптары айқындалады, арнайы мәтіндерді құрастыру, редакциялау және рәсімдеуге үйрететін оңтайлы технологиялар мен басылым таңдау, хат жазысу және жариялауға дейінгі үздіксіз процесті меңгерту жолдары айқындалады, академиялық жазылымға қатысты web-ресурстарды жинақталып, әлемдік ғаламтор кеңістігіндегі академиялық жазылымға қатысты сұрыпталған материалдарды жинақталып, сол арқылы қазақстандық

академиялық қауымдастыққа енетін жастарға ғылыми-әдістемелік зерттеу жүргізудің әдістерін үйрететін алаң ұсынылады.

Әдебиеттерге шолу

Ресей ғалымдарының ішінен академиялық жазылымның теориялық және методологиялық негіздерін, академиялық жазылымды оқытудың әдістемесін, Ресейдің білім кеңістігіне академиялық жазылымды енгізудің моделдері мен механизмдерін толыққанды зерттеген И.Б. Короткинаның орны ерекше, себебі ол өзінің «Академическое письмо: процесс, продукт и практика» атты оқу құралында академиялық жазылымның концепцияларын, моделін, академиялық мәтіннің бірізділігін, жазу принциптерін, жазу үрдісін ұйымдастырудың технологияларының, дереккөздерді қолданудың жолдары мен оларды саралауды егжей тегжейлі зерттеп, академиялық және ғылыми мәтіннің логикалық және синтактикалық проблемаларына тоқталып, оларға толыққанды сараптама жасаған, дегенменен қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды екпінмен дамып жатқан дәуірде академиялық жазылымды Web ресурстар арқылы үйретудің жолдары автордың жұмыстарында көрсетілмеген.

И.Б. Короткинаның «Отандық және шет елдік жоғары оқу орындарында академиялық жазылымды оқытудың практикалық және теориялық негіздері» атты еңбегінде автор академиялық жазылымды оқыту заманауи университеттің үш миссиясымен байланысты дей келе олардың қатарына ғылыми – зерттеулік, білімдік, саяси – әлеуметтік миссияларды атай келе, олардың айқын азаматтық позициясы қалыптасқан, еркін ойлауға қабілетті ғалым даярлауға мүмкіндік туғызатынын айтады, сол себептен академиялық жазылымды оқыту әлеуметтік практика ретінде қарастырылып, оның ғылыми -теоретикалық негізін қалау керектігін тілге тиек етіп, пәннің негізі классикалық риторикадан бастау алатынын ескертеді. (Короткина, 2018:84).

Короткинаның пікірінше “Жазу – бұл ең күрделі және баяу дамып келе жатқан құзыреттіліктер жиынтығы, сондықтан риторика мен композицияның әр бөлімі тиісті құзыреттерді тиімді және біртіндеп дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілдерді, әдістер мен технологияларды қолдануды қарастырады. Өз бетінше зерттеу мәтінін қалай жазуға болатындығын білу үшін өз идеялары

мен гипотезаларын алға тарту және дәлелдеу, қажетті ақпаратты іздеу және таңдау әдістерін меңгеру қажетті металлингвистикалық (тілден тыс) құзыреттіліктер, ғылыми дәлелдеу әдістері, мәтіннің аралық нұсқаларын талқылау (зерттеу нәтижелері) және басқа коммуникативті құзыреттіліктер; және осы нәтижелерді мақсатты түрде, сенімді, логикалық ретке келтірілген мәтіндік-дискурстық құзыреттілік түрінде ұсыну деген сипаттама береді. Олай дейтініміз автордың пікірінше академиялық жазылымды меңгеру барысында белсенді құзыреттіліктердің үш түрі дамиды және жазылымға үйретудің дидактикалық бағыттары мәтінмен жұмыс барысындағы жеке тұлғаның мотивациясының өсуіне ,аргументация әдістерін қолдана отырып сыни пікірлерді қабылдау, өз ойын жеткізу сияқты құзыреттіліктер қалыптастырады. Квитсиния М. «Академиялық жазылымда жоғары оқу орындарында оқыту ғылыми ойлау қабілетінің артуына, ғылымдар жүйесінде зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді»- деп пікір білдіреді.

И.Б. Короткина академиялық жазылымды барлық қырынан зерттеген десе де болады, өзінің «Текст как вклад в научную дискуссию: что такое фокус» атты жұмысында батыстың академиялық тәжірибесінде «назар аудару» немесе «фокус» деп аталып жүрген академиялық жазылымның негізгі конструкторларының бірінің сипаттамасын береді. Автор тезис құрастыру және оның ғылыми мәтіндегі алатын орнына үлкен мән беріп, тұжырымның айналасындағы логикалық байланысты сипаттайды. Зерттеу барысында маңызды орын алып, ғылыми талқылауға өз үлесін қосатын ғылыми мәтінді автор интеллектуалды іс-әрекет ретінде қарастыра отырып, ресейлік студенттер мен мамандардың шетелдік университеттер мен ғылыми журналдардың мәтіндерге қойылатын талаптары туралы қате түсініктің қалыптасуына байланысты туындаған проблемалар ауқымын және оларды шешу жолдарын ұсынады. Қолданылған мысалдар әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық пәндерден алынған, бірақ ұсыныстар дисциплиналық тәсілге негізделген. Автордың ойынша академиялық мәтінмен жұмыс барысында зейін қою немесе фокустың орны ерекше, олай болатын себебі біздің мақсатымыз бүкіл мәтінді бір идеяға бағыттауымыз керек, тақырыптың негізгі идеясын, мақсат-міндеті нақ айқындалып, тек осы бағытта жұмыс жүргізілуі қажет. (Короткина, 2018:97). Қазіргі

таңда академиялық жазылым нақ бір жүйеге енгізілмегеннен мәтінмен жұмыс барысында ізденуші көптеген қиындықтарға кезігеді, академиялық жазылымның нақты бағыт-бағдары болмайынша бұл мәселе шешімін таппайды.

Академиялық жазылым мәселелерін өзінің зерттеулеріне арқау еткен тағы бір Ресей ғалымы И.Н. Минеева «Академиялық жазылымның теориясы және практикасы»- атты мақаласында академиялық эссе жазудың теориясына тоқталып, эссе жазудың тарихына көз жүгіртеді. Автордың пікірінше эссе жанры 1580 -ші жылдардан бастау алады. Ол, француз ойшылы М.Монтальдың «Тәжірибелер» атты шығармасында алғаш рет «Мен өзім»-атты феноменді ұсынып, өзінің ойлау процесін, қарқынды талдау және толғаныстар түрін жазумен береді. Минеева эссе сөзінің орыс тілді басылымдарда алғашында «тәжірибе», «сілтеме», «зерттеу» деп аударылғанын, араға жүз жылдай уақыт сала ағылшын философы Ф.Бекон осы жанрды «эссе» деп атағанын айта келе, сөвет өкіметі дәуірінде эссе жанр ретінде мойындалмай, тек публицистика өркендегенімен, араға уақыт сала, эссе ХХІ ші ғасыр жанры деген айдарға ие болып, толыққанды зерттеле басталып, білім беру жүйесінен нығыз орын алғанын айтады. (Минаева,2015:32). Автордың пікірінше академиялық деген сөздің өзі шет елден еніп, оның құрылымына, жазылуына, жоспарлануына қойылатын талаптардың өзі сол шет елдегі эсселерді басшылыққа ала отырып құрастырылғанын ескертеді. Автор эсселердің түрлерін академиялық және академиялық емес, мазмұнына қарай көркем әдеби, ғылыми, публицистикалық, философиялық, лингвистикалық, формасына қарай рецензия, хат, сипаттау, хабарлау, талқылау ретінде жіктейді. Ал шет елдік гуманитария мектептері эсселерге басқа сипаттар береді: пікір білдіру, зерттеу, аргументация, салыстыру, саралау эсселері.

Академиялық жазылымды оқытудың қиындық тудыратын мәселелеріне тоқталып, оларды шешу жолдарын ұсынған Ресей зерттеушісі Л.А. Милованова өзінің «Академическое письмо как компонент профессиональной подготовки бакалавров педагогического образования» -атты мақаласында академиялық жазылымды үйретуде студенттерге қиындық тудыратын бірден бір мәселе-ол көп уақыттан бері үстемдік алып келген педагогтардың басты мақсаттарының бірі болып саналатын

коммуникативті дағдыларды қалыптастыру болғандықтан, жазылым нормаларына жете көңіл бөлінбейді, студенттер өз ойларын жазба түрде қысқа және мағыналы түрде беруге дағдыланбаған немесе ойларын логикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе алмайды деген пікір білдіре келе, бұл автор да, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастырудағы эссенің алатын орнын, эссенің жазылу талаптарын, жолдарын сипаттайды. Автордың пікірінше академиялық жазылымды үйретудің мазмұнына төмендегідей дағдылар мен біліктіліктер енгізілуі керек, олар: академиялық мәтіннің жүйелік ұйымдастырылуы, академиялық мәтіннің тілдік ерекшеліктері, академиялық мәтінді жазу дағдыларын дамытатын әдіс-тәсілдер мен жаттығулар жүйесі, аутентикалық академиялық мәтіндер мен эсселер жинақталған оқу материалы.

Келесі Ресей педагогы О.Н. Крутикова өзінің «Академическое письмо» в условиях «академического капитализма» атты мақаласында академиялық жазылымды кәсіпкерлік тұрғыдан қарастырады. Автордың пікірінше жоғары профессионалды білім беруді заман талабына сай етіп икемдеудің заманауи кезеңі білім мен ғылымның жаңа формаларының қолданысқа енуіне жағдай тудыруы керек дей келе, академиялық құндылықтар ретінде пәнаралық байланыстың сапалы болып, білім индустриясында сұранысқа ие болуын академиялық құндылықтардың алғышарты ретінде атап өтеді.

Академиялық еркіндік автордың пікірінше, тек университет аясындағы өзіндік ғылыми және білімдік орта құру ғана емес, сонымен қоса академиялық қоғамдастықтың сыртқы ортаның ресурстарымен жұмыс істей алу қабілеті және осы арқылы қаржыландыру көздерін табуы деп атап кетеді. Оқу орнының беретін білімінің қоғамда сұранысқа ие болуы ғылыми және білім берудегі бағыттардың заман талабына сай болуына байланысты болғандықтан оқу орындары бірте – бірте мамандыққа бағытталған пәндерді енгізу арқылы нарық сұранысына ие болуға тырысуда. Қазіргі таңда студенттердің де білімге деген көзқарасы өзгеріс тауып, білім-тауар деген пікір қалыптасуда, және интеллектуалды кәсіпкерлік феномені дамып, зерттеу жұмыстарында креативті ойлау сияқты құндылықтар синтезделіп, студенттердің жоғары білімге деген селқос көзқарасы қалыптаса бастады. Сонымен қоса, көптеген оқу орындары жүйелерін нарыққа ыңғайлап, қарқынды түрде

өзгертуде, сол себептен, жоғары оқу орындары кей жағдайда білімнің мазмұнына, студент жастардың мәдени жағынан және кәсіптік деңгейде дамуына селқос қарайтын кездері болады, дегенмен университеттердің ерекшелігі академиялық стиль болып табылатынын естен шығармау керек, ол дегеніміз академиялық тіл, оқытушылар мен студенттердің жазу мәдениеті, оқымыстылар және студенттер арасындағы ғылыми коммуникация. (Крутикова, 2019:49).

Автор оқу орындарының жоғарыда аталып өткен мәселелерін сипаттай келе, академиялық жазылымның студентке бағытталған мазмұнын төмендегідей сипаттайды: академиялық жазылым сыни ойлау дағдыларын дамытудың құралы бола алады, жалпы гуманитарлық дайындық пен тілдік және оқу мәдениетін дамытады, университеттің академиялық ортасына ену арқылы профессионалдық өсу, өз бетінше білім алу, жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Дамыған академиялық ортасыз академиялық жазылым өзінің әлеуетін жоғалтады, зерттеу әдістеріне бағытталған академиялық мәдениет, зияткерлік еркіндік, әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтар нарық талаптарына икемделе жасалып жатқандықтан зерттеу жұмыстарындағы творчестволық ізденіс жүйесіздіктен, фрагментарлықпен сыртқы ортаның сұранысының төмендігінен құлдырау үстінде.

Академиялық жазылым Қазақстан білім кеңістігіне жаңадан еніп жатқан түсінік болғандықтан, елімізде осы мәселемен айналысып жүрген ғалымдар саны шектеулі десек те болады, алайда елімізде академиялық жазылымның негізін қалаушылардың бірі Е.Т. Оспановтың жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралында академиялық жазылым мәселелерінің практикалық және теориялық негіздері қарастырылған.

Автордың оқу құралында жазылым және оқылым әрекеттері, тақырып таңдау, ақпарат іздеу, сыни ойлау, плагиаттан сақтану жолдары, зерттеу әдістері, мәліметтерге талдау жасау, кіріспе, негізгі және қортынды бөлімді жазу сияқты академиялық жазылымның өзекті мәселелері қарастырылған, сонымен қоса автор ғылымның өркениеттің дамуында алатын орны, оның маңызы жәйлі ақпарат берген. Автор академиялық жазылымның мақсаты ретінде ғылыми тұрғыда жазылым әрекетіне дағдылану, жалпы академиялық жазылым талаптарына сәйкес студенттердің стиль бағытындағы жа-

зылым деңгейін көтеруді ескерте келе, ғылыми стильдің нақтылық, объективтілік, қисындылық сияқты ерекшеліктеріне тоқталады және академиялық жазылымды меңгеруде маңызды орын алатын лексикалық бірліктерді орында қолдана білу, мәтін жүйесінің логикалық мәнін келтіру, ғылыми стилдің талаптарын сақтау сияқты дағдыларды атайды. (Оспанов, 2020:87). Сонымен қоса автор академиялық жазылымның негізгі талаптарының қатарына зерттеу тақырыбының, сұрағының болуы, плагиат ережелерін сақтау, ғылыми мәліметтерді қолдану, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдердің, түйіндеменің болуы сияқты талаптарды қосады.

Отандық ғалымдар Динаева Б.Б., Сапина С.М. «Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері» атты оқу құралында академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық мәселелеріне терең зерттеулер жүргізіп, сипаттама береді. Қазақ тілінде академиялық мәтін құрастыру жолдары, ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу кезеңдері, академиялық мәтіннің басты жанрлары, эссе, аннотация, пікір, түйін, рецензия, курстық жұмыс, магистрлік жұмыс, докторлық диссертация жазу жолдары сипатталып, мысалдар келтіреді, сонымен қоса оқу құралына академиялық жазылым туралы берілген теориялық ақпараттар бойынша тест сұрақтары және бақылау сұрақтары енгізілген.

Авторлар оқу құралында ғылымның қоғамдағы рөлі, ғылыми мәтіндер, ғылыми зерттеулер әдістемесі мәселелерін терең зерттей келе, зерттеу жұмысын жүргізу барысындағы ізденуші кездестіретін зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігін анықтау, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, жоспарын құру, жұмыстың материалын жинақтау сияқты мәселелердің шешімін ұсынады.

Ғылыми мақала, ғылыми мақаланың құрылымы, абстракттың жазылу жолдары, сипаттамалы абстрактілер, ақпараттық абстрактілердің жазылу жолдары сипатталып, тірек сөздердің қолданылу мақсаттары, олардың жиынтығын дұрыс құру жолдары түсіндіріліп, тезистің түрлері аталып, ғылыми жұмыстардың тезистерін жіктеу жолдары айқындалып, оларды ресімдеу, жасау алгоритмі, жазуға қойылатын талаптар анықталады. (Динаева, Сапина, 2016: 98).

Қазақстандағы академиялық жазудың тарихына көз жүгіртсек Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тіл білімінің тарихы» атты еңбегінде

академиялық жазылым қазақ жазба әдебиетінің ұлттық кезеңіне дейінгі жартылай ғылыми әдебиет стиль және ресми іс қағаздар және эпистолярлық (хат-хабарлар) стильдерден бастау алатынын көреміз. Ғалым жартылай ғылыми стильдің қатарына діни әдебиеттер мен жазба шежірелерді қоса келе, іс қағаздар стиліне эпистолярлық стильдегі хаттар мен біреуге арналып жіберілген жазбаларды, кеңсе қағаздары мен өкімет тарапынан берілген бұйрықтарды жатқызады. (Сыздықова, 1993: 154).

Р.Сыздықованың пікірінше, қазақ тіліндегі стильдік тарамдалуының басы XIX ғасырдың екінші жартысында мерзімді баспасөз пайда болу кезеңіне тура келіп, өткен ғасырда недәуір етек жайып, қазыргы заманда қарқынды даму үстінде. Автордың пікірінше XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтың хан, сұлтан, старшындарының орыс империясының әкімшілігіне жазысқан түрлі мағынадағы хаттары мен қағаздарының тілі орын алды, және автор оларды сол кездегі көркем әдебиеттен бөліп қарастыруды ұсынады, себебі олар тілі және стилі жағынан ерекшеленеді. Сонымен қоса автор сол кездегі ресми жазулардың орта ғасырлық түркі тілінде қалыптасқан стилі болғанын және олардың орфографиясында, грамматикалық тәсілдеріне тән, лексика-фразеологиялық ерекшеліктері сол ғасырдағы әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық ұстанымдарға байланысты құрастырылды.

Автор өзінің еңбегінде қазақ даласында ғылыми стильдің даму тарихының да хабардар ете келе XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым салаларынан мәлімет беретін, ғылыми ақпаратты қазақ тілінде насихаттап, баяндап, сипаттайтын жанрдың пайда болғанын айтады. Автор тұжырымына дәлел ретінде Н.И. Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деп аталатын кітаптың ақырғы беттеріндегі қазақ тілінде жазылған тілдік үлгілерді көрсетеді, сонымен қоса, ғылыми стильде жазылған мәтіндер табиғаттану, тарих пәндерінен ақпарат беріп, мерзімді баспалардан қысқаша мәтіндер түрінде көрініс тапқанын және ғылыми әдебиеттің алдында көпшілікке ғылым-білімнің әр саласынан хабар беріп, сол кездегі халықтың білім дәрежесімен, сауаттылығымен санаса отырып жеңіл, жалпақ тілмен жеткізу болғандығын тілге тиек етеді. Автордың пайымдауынша сол кездегі ғылыми-көпшілік әдебиеттің осы мақсаты оның стиліне, тіліне әсер етті, себебі, ғылыми әдебиетте баяндау мен

түсіндіру сипаты басым болды, және баяндау мен түсіндіру сол кездегі ғылыми әдебиеттің стильдік ерекшелігі болды. Сонымен қоса, автор ғылыми стильдің қалыптасу жолдарына мысалдар келтіре отырып, қазіргі таңдағы ғылыми әдебиет сияқты әр ғылым саласына арналып сараланып, орнықпаса да, ғылыми –техникалық терминдер қолданысқа ене бастағанын, термин жасау принциптері мен жолдары анықталмаса да, ғылыми терминологияның алғашқы нысандары көріне бастағанынан және лингвистикалық мақсаттан гөрі ағартушылық мақсаты басым болғанынан хабар береді. (Сыздықова, 1993: 159).

Қазіргі ақпараттық технологиялардың өркендеген дәуірінде ғаламтордың білім беру жүйесіне тигізетін пайдасының мол екенін, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында web ресурстарының мүмкіндіктерін пайдалану уақытты үнемдеп қана қоймай, зерттеу жұмыстарын неғұрлым оңайландыратынын есте сақтай отырып, осы бағытта зерттеулер жүргізіп, білім берудің мақсаттары мен формаларын жақын болашақтағы әлеуметтік-экономикалық ортаға тигізетін ықпалына қарай қайта қарастыруды қажет етеді (Brian Street, 2015:98).

Осы орайда Ресей ғалымы И.Н.Розина өзінің «Цифровая грамотность в курсе Академическое письмо» атты жұмысында академиялық жазылымды үйретудің мақсат міндеттері ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы шешілетінін алға тартады. Олардың қатарына көп функционалды мәтіндік процессорлар, мәтінді тексеретін желілік сервистер, менталды карталар мен рецензия жасау формаларының желілік сервистері кіретінін көрсетеді. Кәсіптік терминологиямен жұмысты дұрыс жүргізуге мүмкіндік беретін электронды лексикографиялық қызметтер, ғылыми мақаланы тексеруге арналған антиплагиат жүйелеріне сараптама жасап қарастырады.

Қазіргі таңда мәтін жазу үшін қолжазба қолданатындардың саны өте шектеулі, себебі, мәтіндік редакторлар кез келген мәтінді тексерудің жолдарын жеңілдетіп, мәтінді сақтап, өзгертіп, редакциялағамүмкіндік береді, сонымен қоса, желінің шексіз мүмкіндіктері зерттеушінің сандық технологиялардан біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Орфографиялық қателерді түзететін мәтіндік редакторларды қолданып, электронды кітапханалар мен анықтамаларға шолу жасап, орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді

тексеретін қызметтерді пайдалану арқылы академиялық мәтіннің сапасын арттыруға болады, мысалы: Орфограмма, Яндекс Спеллер, Орфограф, Реформатор, Грамота.Ру сайттарын осы мақсаттарда қолдануға болады. Мәтіндік процессорларда қолжазбаларды редакциялау кезінде рецензиялау, ескертпелер мен түзетулердің енгізілуі, олардың жазылуы сияқты функцияларын қолдануға болады (Розина, 2019:15).

Академиялық оқылымның терминологиялық негіздерін үйрету барысында мәтінді когнитивті түрде талдап, саралау қабілеттерін дамыта отырып, ғылыми мәтіннің негізгі құрамдас бөліктерін ажырату, фактілер мен автордың пікіріне аргументтер келтіру сияқты жұмыстар атқарылатындықтан сараптама жасалып отырған мәтінді терең түсініп, дұрыс интерпретация жасау мақсатында желідегі кейбір ақысыз бағдарламалар қолданылады, олардың қатарына MindMeister, MindMup, Mind42; FreeMind, XMind бағдарламаларын жатқызуға болады. Аталған бағдарламалар ізденушіге өз ойын дұрыс, толық жеткізуге мүмкіндік беретін менталды және интеллектуалды карта құрастыруға мүмкіндік береді. И.Н. Розина өзінің жұмысында лексикалық дерек көздерін қолданудың маңыздылығын ескерте келе, Multitran.ru, Грамота.ру, Academic.ru электронды сөздіктерге сипаттама беріп, олармен жұмыс түрлерін сипаттайды.

Академиялық алаяқтықты электронды түрде анықтау жоларының бірі антиплагиат бағдарламаларын қолдану болып табылады. Академиялық мәтін құрастыру барысында ізденуші тарпынан жиі кездесетін қателіктердің бірі басқа автордың жұмысын көшіру болып табылады, студенттер дерек көздермен жұмыс жасау жолдарын толық меңгермегендіктен, жұмыстың мазмұнымен толық таныс болмағандықтан немесе оны түсінбегендіктен басқа автордың жұмысын көшіріп алатын жағдайлар жиі кездеседі. (Beavis. C., 2001:141).

Осы мәселені болдырмаудың бірден бір жолы-электронды антиплагиат бағдарламаларын қолдану болып табылады. Антиплагиат.ру, Антиплагиат. вуз, Text.ru, ағылшын тіліндегі Plagiarism.org, Glatt Plagiarism Screening Program, MOSS, AdvegoPlagiat, Истико, Плагиата НЕТ, Детектор плагиата бағдарламаларына И.Н. Розинаның жұмысында шолу жасалады.

Академиялық мәтіннің метадеректерін автоматты түрде аудару, шет тілінде аннотация жазу, мәтінді рәсімдеу кезінде қолданылатын Google

Переводчик, Яндекс.Переводчик, Bing, Microsoft Translator, PROMT (Translate.Ru), Lingvo Live, АBBYU сияқты желідегі электронды аудармашылармен жұмыс жасаудың жолдарын меңгеріп, оларды сауатты қолдану ізденушінің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

И.Н. Розина мәтіннің сілтеме көздерімен жұмыс барысында қолданылатын библиографиялық менеджерлерге шолу жасай келе, ең алдымен электронды кітапхана жүйелері КиберЛенинка, ақпараттық портал eLibrary, ЭБС Лань, РУКООНТ, IPR-books, Юрайт, Mendeley, Academia.edu и ResearchGate, Zotero, EndNote Online, BibTex, RefWorks, Biblioscape сайттары бойынша дереккөздерді табуға арналған кеңестер береді.

Модельдеу мәселесіне келер болсақ, Ресей зерттеушісі М.Ф. Панкина «Моделирование как метод познания в лингвистике» атты мақаласында когнитивті лингвистикадағы жалпы тілдік бірліктерді модельдеудің маңызы, модель жасау жолдары жайлы сипаттама жасайды және олардың тілдік бірліктердің семантикасын ұйымдастыруда, динамикалық процестердің, дискурстың құрылымын анықтауда қолданылуы зерттеледі. Автор тілдік модельдерге түріне, категориясына, кластарына қарай классификация жасап, мақсатына қарай ғылыми танылымда қолдану, білімде қолдану, жүйелер жасауда қолдану және жүйелерді басқару барысында қолданатын модельдер, уақытқа байланысты структуралық модельдер, динамикалық, функционалдық деп бөле отырып, тілдік моделдерді схемалық модельдер, метафорикалық модельдер, метонимиялық модельдерге жіктеп, оларға сипаттама береді, бірақ аталған модельдеу жалпы тіл біліміне қатысты болғандықтан, академиялық оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру жолдары автордың жұмысында қарастырылмаған.

Академиялық дискурстың ажырамас бөліктерінің бірі – эссе жазу жолдарының дағдыларын үйрену, авторға ойды нақты және сауатты тұжырымдауды, ақпаратты құрылымдауды, негізгі ұғымдарды қолдануды, себеп-салдарлық қатынастарды бөлуді, тәжірибені тиісті мысалдармен суреттеуді және өз тұжырымдарын дәлелдеуді үйренуге мүмкіндік беретіндіктен (Snyder I., 2002:173), бірқатар Ресей педагогтары академиялық жазылым бойынша эссенің конструкторларын ұсынып, эссе түрлеріне шаблондар жасап көпшілікке ұсынған. Эссе конструкторының құрамында эссе жазу бойын-

ша кеңестер берілген, проблемаға өз көз қарасын білдіру, карама қарсы пікір білдіру кезінде қолданатын тілдік бірліктер кесте ретінде беріледі және қысқа сөз тіркестері, білім, жұмыс және карьера, бос уақыт, адамның сырт пішіні тағы да басқа тақырыптарға эссе жазу барысында қолданылатын шаблондар, белсенді лексика, қанатты сөздер беріледі, дегенмен дайындалған шаблондар ағылшын және орыс тілдерінде эссе жазуға арналғандықтан қазақ тілінде эссе жазуға арналған шаблондар жоқтың қасы.

Академиялық жазылымның мәселелерін электрондық тұрғыдан қарастырып, өзінің зерттеулеріне арқау еткен Ресей зерттеушісі Ю.Е. Буттың «Академическое письмо для историков» атты жұмысында автор ізденушінің сандық технологияларды меңгерудегі сауаттылық деңгейінің талаптарына тоқтала отырып, электронды кітапханалар, желілік қызметтердің интеллект карталары, байланыс диаграммалары, мәтіндік редакторлар, түрлерін сипаттай отырып British National Corpus, Oxford English Corpus, Corpus of Contemporary American English (COCA), Corpus of Historical American English (COHA) сияқты ағылшын және орыс тілдеріндегі тілдік корпустарды қолданудың тиімділігі айтылады. (Бут, 2019:4).

Нәтижелер мен талқылаулар

Жоғарыда сипатталған жалпы білім берудегі электронды ресурстарды қолдану жолдары, ғаламтордағы желілердің мүмкіндіктерін пайдаланудың жолдарының сипатталуы көбінесе Ресей ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан, ал Қазақстандағы тіл білімін оқытудағы электронды контентті қолдану туралы сөз қозғайтын болсақ, ең алдымен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты даярлаған Қазақ тілінің ұлттық корпусына тоқтала кетуді жөн көрдік.

Корпустың мәтіндік базасы отыз миллион сөзқолданысты құрайды және мәтіндер көркем стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, қағаз стиль және сөйлеу стилінен тұрады, сонымен қоса көркем әдебиет стилінде жазылған мәтіндер қазақ жазушыларының шығармаларынан құрастырылып, проза және поэзия жанрларына бөлініп, жеке суб корпус құрайды.

Корпустан керекті сөзді іздеу барысында көптеген электронды бағдарламалар қызмет атқарады: қажетті сөздер мен сөйлемдер тобын ұсыну немесе конкорданс, лемматизация не-

месе сөздің формасын түбір, қосымшаға бөлу, лингвистикалық морфологиялық, сөзжасамдық, лексикалық, фонетикалық, семантикалық белгіленімдер енгізуге арналған бағдарламалар қамтылған.

«Сандық білім беру» термині білім берудің әдіс-тәсілдері, бағыт – бағдарына жаңа ақпараттық және коммуникациялық медианың қосылуын білдіру үшін қолданылатын соңғы сипаттама термин ретінде көпшілікке таныс (Goodfellow R., 2011:131). Қазіргі ақпараттық технологиялардың өркендеген дәуірінде ғылыми стильде жазылған құжаттар толтыру барысында ізденуші ең алдымен интернеттің көздеріне жүгінетіні бәрімізге белгілі, сол кезде түйіндеме болсын, рецензия, реферат болсын немесе басқа да ресми құжаттардың жазылу жолдары жалпы көрсетілгенімен, қазақ тілінде олардың жазылуына сатылай берілген ақыл-кеңес, модель, шаблондар жоқтың қасы.

Егер де академиялық жазылымның барлық түрлері шаблондалып, модельденіп, интернет сайттарында көрініс тауып, youtube каналынан жазылу үлгісін үйрететін сабақтар қамтылған бағдарламалар жүктелсе, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыратын дайын құрылымдарға салынған конструкторлар көпшілікке ұсынылса, қазақ тілінде ізденіс жүргізетін тұлғаларға өте тиімді болар еді.

Жас ғалымдарға ғылымды теориялық тұрғыдан үйрету жеткіліксіз, оларға ғылымды меңгерудегі дағдыларды дамытуға көмектесу керек (Barrass R, 2012:4). Егер де жоғары да аталған іс-шаралар іске асатын болса мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылар желіде ұсынылған бағдарламалар модельдер, шаблондар мен конструкторлар арқылы өздерінің ғылыми стильде жазу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми сауаттылықтарын арттырар еді, мәселенің ғылымға тигізетін пайдасы жәйінде сөз қозғасақ, ғылыммен айналысып жүрген бакалавр және магистрлік бөлім студенттерінің ізденістерін жеңілдетіп, олардың зерттеу объектілеріне көбірек көңіл бөлулеріне мүмкінді берер еді.

Студенттер мен магистранттар веб-негізделген технологияларға еніп кеткені сонша, олар академиялық оқу және эссе жазу сияқты дәстүрлі оқу тәжірибесімен айналысуда қиындықтарға тап болады деген алаңдаушылық жиі көтеріледі. Сонымен қатар, веб-негізделген оқу ортасын, әлеуметтік желілердің әлеуетін, цифрлық және мобильді технологиялардың мүмкіндіктерін

орнымен пайдалана білсе, академиялық сауаттылықтың артуына жағдай жасалар еді (Lea M.R., Jones S, 2010:377).

Академиялық жазылым түрлерін модельдеу, желілік конструкторлар жасау, тілдік шаблондар жасау, тегін сайттар мен желідегі каналдар тек білім-ғылымға ғана емес, сонымен қоса, қоғамға да пайдалы болмақ, нақтырақ айтсақ ғылыммен айналыспайтын тұлғалардың да ара – тұра ғылыми стильде құжат толтыратын кездері болады, сол кезде олар әрине, ең алдымен интернет көздеріне жүгінеді, егер интернет желісінде академиялық жазылымға байланысты барлық ақпараттың моделі ашық қолданыста тұрса, еңбек адамдары уақыттарын үнемдеп, қажетті құжаттарын дұрыс толтыруға мүмкіндік ала алатын еді.

Қорытынды

Мақаланың негізгі мақсаты алыс жақын шет елдердегі академиялық жазылым мәсе-

лесімен айналысқан барлық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай келе, оның теориясы мен практикасының оқытылу әдіс-тәсілдерімен таныса отырып, оның негізінде қазақ тіліндегі академиялық жазылымның электронды контентін құрастырудың оңтайлы тәсілдерін қарастыра келіп, электронды форматқа енгізу. Білім мен ғылымның басты мақсаты қоғамға пайда келтіру, елінің мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына үлес қосу болғандықтан, қорыта айтқанда академиялық жазылым түрлерін модельдеп, шаблондарға салып, дайын шаблондарға салынған конструкторлар арқылы интернет желілерінен көпшілікке ұсыну, инстаграм, фейсбук, твиттер парқшалары арқылы сайттар ашу, You tube каналынан бейне баяндар даярлау қазақ тілінде ғылыми стильді жоғары деңгейде қолдануға, ізденушілердің жұмысын жеңілдетуге, академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруда, көпшіліктің академиялық сауаттылығын арттыруға зор үлес қосар еді.

Әдебиеттер

- Barrass R. Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. – London: Routledge, 2002. – 165 p.
- Beavis. C. Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text, Pictures of English: Teachers, learners and technology. – Adelaide: Wakefield Press, 2001. – 145 p.
- Бут Ю. Е. Академическое письмо для историков. – Екатеринбург: Издательский отдел УрГПУ, 2019. – 78 с.
- Goodfellow R. Literacy, Literacies and the Digital in Higher Education. -Teaching in Higher Education, 2011.16(1). – 131 p.
- Green B., Beavis C. Literacy in 3D: An Integrated Perspective in Theory and Practice. Camber well, Victoria: Australian Council for Educational Research (ACER); 2012. – 248p.
- Динаева Б.Б. Сапина С.М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы. – Астана: 2016. – 74б.
- Короткина И. Б. Модели обучения академическому письму : учебное пособие для вузов – М.: Издательство «Юрайт», 2018. – 219 с.
- Крутикова О.Н. Академическое письмо в условия академического капитализм. – Высшее образование в России №5, 2012 – 43-47с.
- Lea M.R., Jones S. Digital Literacies in Higher Education: Exploring Textual and Technological Practice. – Studies in Higher Education, 2010;36(4). – 377p.
- Минаева И.Н. Академическое эссе: теория и практика жанра. – Теория, проекты, гипотезы, Филологический класс, 2(40)/2015. – 18 с.
- Оспанов Е. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2020. – 74 б.
- Розина И. Н. Цифровая грамотность в курсе «Академическое письмо». – Образовательные технологии и общество, № 4, 2018. – 19 с.
- Snyder I. Communication, Imagination, Critique. – Literacy Education for the Electronic age. – London: Routledge, 2002. – 173-183 p.
- Street V. Academic Writing: theory and practice. – Journal of Educational Issues, 2015. – vol.1, no 2, – 110-116 p.
- Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 114 б.

References

- Barrass R., (2003) Uchenye dolzhny pisat'. Rukovodstvo po uluchsheniju navykov pis'ma dlja uchenyh, inzhenerov i studentov [Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students]. London: Routledge, pp.50-53.
- Beavis C., (2007) Cifrovaja kul'tura, cifrovaja gramotnost': rasshirenie predstavlenij o tekste [Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text]. P (ICT) ures of English: Teachers, learners and technology, vol.1, no. pp.145-161.
- But YU. E.,(2019) Akademicheskoe pis'mo dlya istorikov [Academic writing for historians]. Yekaterinburg: Publishing Department of the Ural State Pedagogical University, P.78 (In Russian)

Goodfellow R., (2011) *Cifrovaja gramotnost' v vysshem obrazovanii* [Literacies and the Digital in Higher Education]. *Teaching in Higher Education*, vol.16, no 1. pp.131-144.

Green B., Beavis C. (2012) *Gramotnost' v 3D: kompleksnaja perspektiva v teorii i praktike* [Literacy in 3D: An Integrated Perspective in Theory and Practice]. Australian Council for Educational Research (ACER), vol.1, no 1, pp. 220-225.

Dinaeva B.B., Sapina S.M., (2016) *Akademijalyk sauattylykтың teorijalyk zhene praktikalyk negizderi* [Theoretical and practical bases of academic literacy]. Astana: Kazakh Humanities and Law University, P.74 (In Kazakh)

Korotkina I. B., *Modeli obucheniya akademicheskomu pis'mu : uchebnoe posobie dlya vuzov* [Models of teaching academic writing: a textbook for universities]. Moscow: Yurayt Publishing House, P.219 (In Russian)

Krutikova O.N., (2012) *Akademicheskoe pis'mo v usloviya akademicheskogo kapitalizm* [Academic writing in terms of academic capitalism]. *Higher education in Russia*, no 5. pp.43-47. (In Russian)

Lea M.R., Jones S., (2011) *Cifrovaja gramotnost' v vysshem obrazovanii: izuchenie tekstologicheskoy i tehnologicheskoy praktiki* [Digital Literacies in Higher Education: Exploring Textual and Technological Practice]. *Studies in Higher Education*, vol.36, no 4, pp. 377–393.

Minaeva I.N.,(2015) *Akademicheskoe jesse: teorija i praktika zhanra* [Academic essay: theory and practice of the genre]. *Theory, projects, hypotheses, Philological class*, vol. 2 no 40. pp.8-18. (In Russian)

Ospanov E., (2020) *Akademijalyk zhazylym negizderi* [Basics of academic writing]. Almaty: Economics, P.120 (In Kazakh)

Rozina I. N., (2018) *Cifrovaya gramotnost' v kurse «Akademicheskoe pis'mo»* [Digital literacy in the course “Academic writing”]. *Educational technology and society*, P.19 (In Russian)

Snyder I., (2002) *Kommunikacija, Voobrazhenie, Kritika* [Communication, Imagination, Critique]. *Literacy Education for the Electronic age*, vol 1, no 1, pp. 173-183.

Street B.,(2015) *Akademicheskoe pis'mo: teorija i praktika* [Academic Writing: theory and practice]. *Journal of Educational Issues*, vol.1, no 2, pp 110-116.

Syzdykova R.,(1993) *Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)* [History of the Kazakh literary language (XV-XIX centuries)]. Almaty: «Mother tongue», P.114 (In Kazakh)